

2009 жылға бір жолғы талондардың құнын бекіту туралы

Күші жойғал

Ақтөбе облысы Темір аудандық мәслихатының 2008 жылғы 19 желтоқсандағы N 82 шешімі. Ақтөбе облысының Темір аудандық Әділет басқармасында 2009 жылғы 16 қаңтарда N 3-10-90 тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Темір аудандық мәслихатының 2010 жылғы 12 ақпандағы N 178 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Темір аудандық мәслихатының 2010.02.12 N 178 шешімімен

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы N 100 "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Кодексі (Салық Кодексі) қолданысқа енгізу туралы" Заңының 36 бабының 6 тармағына сәйкес және аудандық бюджеттің кірістер бөлігіне жеке тұлғалардан жиналатын бір жолғы алымды толық және уақытында жинауды қамтамасыз ету мақсатында аудандық мәслихат **ШЕШІМ ЕТЕДІ:**

1. Аудан көлеміндегі бір жолғы талон негізінде жұмыс жасайтын кәсіпкерлерден алым құны N 1 қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. Аудандық мәслихаттың 2007 жылғы 13 желтоқсандағы N 15 "2008 жылға базар алаңдарына тауар сату үшін төленетін бір жолғы талон мөлшерін бекіту туралы" (тіркеу N 3-10-63) шешімінің күші жойылсын.

3. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудандық мәслихат
Аудандық мәслихат
сессиясының төрайымы
хатшысы
Р.САТАНОВА
С.ЖАҢАБЕРГЕНОВА

А у д а н д ы қ м ә с л и х а т т ы ң
к е з е к т і с е с с и я с ы н ы ң
2 0 0 8 ж ы л ғ ы 1 9 ж е л т о қ с а н д а ғ ы
N 82 шешіміне N 1 қосымша

Аудан бойынша бір жолғы талондардың құны

А л ы м	т ү р л е р і	Базар алаңында және жолаушы тасымалдау үшін бір жолғы талондар алу құнының мөлшері (теңге)		Мерзімі
		Жабық базарлар үшін	Б а с қ а базарлар үшін	

Сөреден тауар сатушылардан	200	160	1 күнге
Көп көлемдегі тауарлармен сауда жасау	150	100	1 күнге
Аз көлемдегі тауарлармен сауда жасау	100	70	1 күнге
Ет сатушылардан	400	300	1 күнге
Жерде қолдан ұсақ тауарлармен сауда жасау	30	30	1 күнге
Машинадан тауарлар сату	600	600	1 күнге
Газеттер мен журналдар	20	20	1 күнге
Тұқым, сондай-ақ отырғызу материалдары (тікпе көшет, көшет)	50	50	1 күнге
Бақша дақылдары: Қолдан сату Машинадан сату	30 550	30 550	1 күнге
Саяжай және үй жанында өсірілген тірі гүлдер	50	50	1 күнге
Үй малдарына шөп сату	200	200	1 күнге
Үй малдарына, құстарына жем сату	100	100	1 күнге
Сыпырғыштар сату	20	20	1 күнге
Орман жемістерін сату	50	50	1 күнге
Балық сату	70	70	1 күнге
Саңырауқұлақ	20	20	1 күнге
Жер учаскелерін өңдеу бойынша жеке трактор иелерінің қызмет көрсетулері	200	200	1 күнге
Үй малдарын бағу: (100 басқа дейін) (100-250 басқа дейін)	40 100	40 100	1 күнге
Үй құстарын бағу (100 басқа дейін) (100-250 басқа дейін)	10 20	10 20	1 күнге